

## Қыркүйек айы

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологиясы
I- апта	1	Балаларды музыка сипатына сай қимылды үйлестіруге талпындыру, іскерліктерін дамыту. Қол және аяққа арналған би қимылдарын әуенге сәйкестендіре қимылдау	Денені бос ұстап қолдарын жандарына бірінші, екінші, үшінші қол позицияларын көрсетіп үйрету. Аяқтың позицияларын көрсетіп үйрету. Қолдарын жоғары төмен түсіру.	Әуенді тыңдай қол, аяқ позицияларын үйрету. Бас қимылымен қолдарына қарап қимыл жасауын көрсетіп үйрету.	«Ырғақты» би	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау.
II- апта	1	Денені тік ұстау, аяқ – қолдарын тік ұстауға, қолдарын созуға үйрету. Аяқтың алғашқы ұсталу қалпы және оны биге ыңғайлау.	Екі табан бір-бірімен параллель ұсталады, олардың сыртқы жақтары ішке қарай бағытталады. Қолдары бірінші позициядан үшінші позицияға көтеріп, екінші позицияға жандарына ашып бастапқы қалыпқа әкеледі. Аяққа сәл отырып тұрады.	Қол позицияларын дәл, дұрыс жасауды үйрету. Аяққа әуен ырғағымен жартылай отырып тұруды үйрету.	«Ырғақты» би	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау.
III- апта	1	Жапырақтар» биі. Би қимылдарын әуен ырғағымен тыңдата қимылдауды үйрету. Қол қимылдарын аяқтың ұшымен жүруді үйрету.	Бір қатарға тұрып аяқтың ұшымен шеңбер бойынша жүреді. Қолдарында бір-бір жапырақтан ұстайды. Екі қатарға тұра қалады. Бір-бірімен орындарын ауыстырады. Жұп болып айналады.	Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүруді, екі қатарға тұра қалып жұп болып айналуын үйрету.	«Жапырақтар» биі.	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау.
IV- апта	1	Бидің қимылдарын әуенге сәйкестендіре қимылдау. Схемалық сурет бойынша жүріс-тұрысты үйрету.	Екі қолдарын жоғары көтеріп тербету қимылын көрсетеді. Біреуі бір тізеге отырып қолдарын жоғары көтеріп тербетеді. Екіншісі оны айналып	Схемалық сурет бойынша жүрісті, аяқ ұшымен жүгіруді, тізерлеп отыра қалуды,	«Жапырақтар» биі.	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

			жүреді. Шеңбер бойымен айналып жүріп барлығы тізерлеп отыра қалады.	орындарымен ауысуды үйрету.		
--	--	--	---	-----------------------------	--	--

### Қазан айы

апта	сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологиясы
I-апта	1	«Қуыршақтар» биін әуенмен сала қимылдап билеуді үйрену. Қуыршақтар тәріздес жүруді үйрету.	Жұп болып қуыршақтар тәріздес жүріп тіке алға қарай келу. Бір-бірлеп қолдарын шынтақтан бастап қозғалту. Бастарымен бірге қозғалтады. Екі қолдарын жоғары көтереді.	Әуенді тыңдай қимылдау. Жүрістерін, қол қимылдарын үйрету.	«Қуыршақтар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
II-апта	1	Бидің қимылдарын әуенге сәйкестендіре қимылдауды үйрету. Схемалық сурет бойынша жүрістүрлісті үйрету.	Аяқпен жартылай отырып тұрады. Жанға қарай аяқтарын тізеден бүгіп алмастырып жүреді. Екі қолдарын шынтақта қосып алмастырып көтереді. Денелерін сәл еңкейтіп жіріп екі қолды шынтақтан бүгіп бір орында қос аяқпен секіреді.	Схемалық сурет бойынша жүрісті, жанға қарай тізе бүгіп жүруді, қос аяқпен секіруді нақтылап үйрету	«Қуыршақтар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
III-апта	1	Берілген қимылдарды нақты, дәл көрсетуін талап ету. Әуенді тыңдай секіру, жүру, айналу түрлерін үйрету	Бір-біріне қарап жанға қарай еңкейеді, қолдары екі жаққа ашылған шынтақтан бүгілген. Орындарын қуыршақтар жүрісімен ауыстырады. Оң аяқты жанға ашады, сол аяқты жанға ашады, аяқтың ұшымен көтеріліп айналады. Қолдарын	Орын ауыстыруын, аяқтарын жанға ашуын, аяқ ұшымен айналуын дұрыстап үйрету. Қол позициясын дәл көтеруін	«Қуыршақтар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

			жоғары үшінші позицияға көтеріп айналады.	үйрету		
<b>IV-апта</b>	<b>1</b>	«Қуыршақтар» биінің қимылдарын схемалық сурет бойынша үйретіп, қайталау.	Бастапқы қимыл-қозғалыстарды қайталап үйрету. Аяқтарын кезекпен тізеден бүгіп көтеру. Қолдарын кезекпен біреуін шынтақтан бүгіп жоғары-төмен қимылдауды көрсету. Бір-біріне қарап қуыршақтарға ұқсап тұра қалу.	Қуыршақтардың қимылдарын әуенге сәйкестендіре салуды үйрету.	«Қуыршақтар биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

### Қараша айы

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологиясы
<b>I-апта</b>	<b>1</b>	Сергіту жаттығуларын әуенге сәйкестендіре қимылдау. Әуенді тыңдай секіру, жүру, айналу түрлерін үйрету.	Аяқтарының ұшымен, өкшемен жүру түрлерін, орнында секіру түрлерін, жанға яғни галоп қимылымен секіру түрлерін, жай жүгіру түрлерін нақты қадағалап дұрыс жасауын талап ету.	Сергіту жаттығуларының барлық түрлерін әуенді тыңдай қимылдарды дұрыс жасауын қадағалап үйрету.	«Қояндар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
<b>II-апта</b>	<b>1</b>	«Қояндар» биінің қимылын әуенге сәйкестендіре қимылдату. Қол, бас, аяқ қимылдарын үйрету.	Аяқтарын тізеден бүгіп жоғары көтеріп жүреді. Шеңбер бойымен айналып келіп екі қатарға тұра қалады. Орындарында айналып, қос аяқтап төрт нүктеге қарап секіреді.	Әуенді тыңдай жүріс-тұрысты, төрт нүктеге қарап секіруді үйрету	«Қояндар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
<b>III-апта</b>	<b>1</b>	Бидің қимыл қозғалыстарын қол, аяқ, бел қимылдарын әдемі, дұрыс жасауын, дұрыс секіруін үйрету.	Жанға қарай төрт қадам жасап, орнына қарай қайта келу. Отырып алға қарай жүру, артқа қарай сол қалыппен отыра келу. Екі шеңбер жасай бөлініп айналып жүру, жарты шеңберге	Аңдардың екі шеңбер болып тұра қалуын, оң және сол жаққа айналуын үйрету. Отырып жүруді	«Қояндар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

			тұра қалу.	әуенге сәйкестендіре үйрету.		
<b>IV-апта</b>	<b>1</b>	«Жаңа жылдық» бидің қимылдарын әуенге сәйкестендіре қимылдауды үйрету. Секіру қимылдарын үйрету.	Барлық балалар қолдарын жоғары көтеріп шыршаны айналып ортаға секіріп шығады. Орындарында айналады. Жанға қарай аяқтарын ашып қосып жүреді.	Балалардың шыршаны айналып өз орындарына келуін қадағалау. Секіру түрлерін үйрету. Қолдарын дұрыс көтеруін , жанға жүруін үйрету	«Қояндар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

#### Желтоқсан айы

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологисы
<b>I-апта</b>	<b>1</b>	«Ұлпақ қарлар мен аңдар» биі. Әуенді тыңдай кім кімнен кейін шығатынын ұмытпай біліп тұруын қадағалау. Жүру түрлерін, қандай аң қалай жүретінін көрсетіп үйрету.	Ұлпақ қарлар аяқтың ұшымен шыршаны айналып жүгіріп шығады. Шыршаның екі жағына екі қатарға тұра қалады. Орында айналып қолдарын жоғары көтеріп отырып тұрады. Шыршаның артынан аюлар қорбаңдап шығады. Ортаға келіп айналып малдас құра отырып екі жанға иіледі. Тұрып аяқтарын тізеден бүгіп көтереді. Қолдарын жоғары көтеріп екі қатарға ұлпақ қарлардың қатарына тұра қалады	Әуенді тыңдай ұлпақ қарлардың жүрісін, қол қимылдарын үйрету. Аюлардың шығу барысын әуенді тыңдай шығатын жерін үйрету. Аюлардың жүрісін, отырысын, қол қимылдарын дұрыс жасауды үйрету.	«Ұлпаққарлар мен аңдар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
<b>II-апта</b>	<b>1</b>	Бидің қимылдарын әуенге сәйкестендіре үйрету. Схемалық сурет бойынша жүріс-тұрысты үйрету.	Шыршаның артынан қояндар қос аяқпен секіріп шығады. Екі қолдарын кеуде қасына қойып секіреді. Ортаға келіп айналып отыра қалады. Жерді қолдарымен қазып сәбізді іздеп тауып	Схемалық сурет бойынша қояндардың жүріс-тұрыстарын, секірулерін, жерді дұрыс қазуын, сәбіз	«Ұлпаққарлар мен аңдар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау

			алады. Сәбізді отырып жеп тұрады да, ұлпақ қарлар мен аюлардың қатарына қосылып тұра қалады.	іздеуін үйрету. Барлық балдардың би қимылдарын дұрыс жасауын қадағалау.		Қадағалау
III- апта	1	Қимылдарды әуенге сәйкестендіре үйрету. Берілген қимылдарды қайталау. Аңдардың жүріс-тұрыстарын, барлығы бірге шыршаны қол ұстасып айналуын қадағалап үйрету.	Шыршаның артынан түлкілер майысып шығады. Шыршаның алдына келіп айналып шыршаға қарай барып, ойыншықтарға жақындап қарап бір-бірімен қол ұстасып айналады. Барлығының қатарына қосыла қалып тұра қалады. Шыршаның артынан қасқырлар жүгіріп шығып шыршаны айналады. Қалған аңдар қасқырдан қорқып тұрады.	Түлкі мен қасқырлардың жүріс-тұрыстарын, жұптасып айналуын, қасқырлардың басқа аңдарды қорқытуын әуенге сәйкестендіре үйрету.	«Ұлпаққарлар мен аңдар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
IV- апта	1	«Ұлпаққарлар мен аңдар» биінің қимылдарын әуенге сәйкестендіре жұптасып қимылдауды үйрету. Шыршаны бәрі бірге қол ұстасып айналуын үйрету.	Барлығы қол ұстасып шыршаны айналады. Айналып тұрып қолдарын жоғары көтеріп шапалақтайды, қолдарын белге қойып аяқтарымен соғады. Қайтадан қол ұстасып шыршаны айналады.	Барлық аңдардың бірге қол ұстасып шыршаны айналуын, әуенді тыңдай тұра қалып қолдарын жоғары көтеріп шапалақтауын, аяқтарымен соғуын үйрету.	«Ұлпаққарлар мен аңдар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

### Қаңтар айы

Апта	Саға т	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологисы
I- апта	1	Балаларды Маша мен аю биінің әуенімен таныстыру. Маша мен аю биінің элементтерін балаларға көрсету.	Жұптық бидің қимылдарын үйрету Бір-бірінің қолынан ұстап шығу Ұл балдар қолдарын артқа ұстау қыз балдар қолдарын жанға ашу	Балдардың қолдарынан ұстап жүріп билеп секіруін әуенге сәйкестендіріп нақты қадағалап үйрету. Жанға қарай жүруін, жартылай отырып тұруын, қолдарын жоғары көтеріп бүгін үйрету.	«Маша мен аю» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

II- апта	1	Әуенді тыңдай жүгіріп шығуын схемалық сурет бойынша қимыл-қозғалыстарды үйрету.	Ұлдар мен қыздар жқп болып қолдарынан ұстап өкшелерін кезек-кезек жанға ашады Ұлдар жерге отырып бір қолымен қыздың қолын ұстайды қыздар ұл-н айналып шығады	Схемалық сурет бойынша әр қимылдың қозғалыстарын нақтылап көрсетіп, қайталап үйрету.	«Маша мен аю» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
III- апта	1	Маша мен аю би інің әуенін тыңдай үйрету, схемалық сурет бойынша жүріс-тұрыстарын, өз орындарына	Жұптар шыршаны айналып шығып өз орындарына келеді Аюлар қолдарын желкесіне қойып присядка қимылын жасап билейді Қыздар қол соғып тұрады	Ұлдарға присядка қимылын нақты қадағалап үйретуҚыздардың шапалақты бір бағытта соғуын қадағалау.	«Маша мен аю» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
IV- апта	1	Би қимылдарын нақты әуенмен сәйкестендіре қимылдауды үйретіп қайталау.	Жұптар қол ұстап бір-бірінен жұп болып айналады Барлық жұптар шыршаны айналып қораптың ішіндегі ойыншықты шыршаға іледі	.Балаларға қораптың ішіндегі ойыншықтарды дұрыс ілуін қадағалау	«Маша мен аю» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

### Ақпан айы

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологисы
I- апта	1	Қазақ биінің «Толқын» қол қимылын үйрету. Екі қолдың ашылып, жазылып	Екі қолдың екі бас саусақтарды бір мезгілде ашып, жазу кезінде толқын тәріздес ирелеңдеп ашылып, жазылып	Қол қимылын әуенге сала, тыңдай үйрету. Толқын қимылын	«Қара жорға» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс

		қимылдауын үйрету.	қимылдайды. Екі қолды ашып, жабу. Екі қолды екі жанға ашып, шынтақтан бүгіп жабу.	қолдарынан ұстап көрсетіп үйрету.		Бақылау Қадағалау
II- апта	1	Иық қимылын әуенге сәйкестендіре қимылдату. Екі иық бірге жоғары, алма-кезек алға-артқа, жоғары-төмен қимылдату.	Екі иықты ілгерілі-кейінгі, алмакезек қимылдату. Қолды әртүрлі қалыпта белге, қос жамбасқа, арқаға айқастыра қойып, қазақтың ұлттық би элементтерін орындап қимылдауды үйрету.	Иық, қол қимылдарын әуенге сала қимылдауды үйрету. Толқын қол қимылын екі бас саусақтарымен бір мезгілде ашып жазуын қадағалау.	«Қара жорға» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
III- апта	1	Қазақтың халық биі «қара жорға». Қазақ биінің қол,аяқ элементтерін дұрыс жасауға үйрету.	Ұл балдардың шеңбер бойымен жүріп орындарына бір тіземен отыра қалу. Бір қолдарын жоғары көтеріп, бір қолдарын белдеріне қояды. Отыра сала қолды алмакезек ішке қарай айналдырады. Қыздар қолдарын алмакезек жоғары көтеріп айналдырып, балдарды айналып қастарына тұра қалады.	Қол, аяқ қимылдарының элементтерін дұрыс жасауға дағдыландыру. Өз орындарына келуін, қыздардың шығу барысын әуенді тыңдата жүруін үйрету.	«Қара жорға» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
IV- апта	1	Би қимылдарын әуенмен сәйкестендіре қимылдауды үйретіп қайталау.	Бір-біріне қарап қолдарын ішке қарай айналдырып сәл алға-артқа еңкейіп қара жорға қимылын жасау. Қолдарынан ұстап жұп болып айналу. Қыздар оң жаққа, ұлдар сол жаққа жанымен адымдап жүреді. Қолдарын екінші позицияда, жанға ашылған.	Жұптасып билеуді, қара жорға қимылын дұрыс жасауды, аяқ, қол қимылдарын, айналуды, жанға қарай жүруді, сәл еңкеюді әуенді тыңдай билеуін үйрету.	«Қара жорға» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау

### Наурыз айы

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологиясы
------	-------	---------	----------------------------	----------------	---------------	------------------------

I- апта	1	Бидің қол элементтерін үйрету. «Қайнар бұлақ», «Құс қанат», «Шынтақ толқын» т.б. қимылдарды әуенге сәйкестендіре қозғалту.	«Қайнар бұлақ» екі қолды саусақтарды жоғары, екі алақанды ішке қарата ұстап, қолдың екі ұшын бір-бірімен жалғастырған бойда екі шынтақпен үздіксіз, тұтаса түскен қимыл жасау. «Құс қанат»- екі жаққа жайылған екі қолды екі шынтақпен біресе жоғары, біресе төмен көтеріп, түсіру арқылы бір мезгілдегі жатықта баяу қозғалыс жасай отырып, қанат қаққан құсты бейнелеу.	Әуенмен қол, аяқ қимылдарын нақты түсіндіре отырып қозғалыспен айқындыра көрсете білу. «Қайнар бұлақ» пен « Құс қанат» қол қимылдарын дұрыс жасауды үйрету	«Қазақ» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
II- апта	1	Биді суреттік схема бойынша орындарына тұрып жүруді үйрету. Жұп болып айнауды, сырға ойнау, білезік қимылдарын дұрыс көрсете білуді үйрету.	Ұлдар шеңберге жиналып бір-бірінің иықтарына қолдарын қойып, оң аяқтарын өкшеге қойып шеңбермен жүреді. Қыздар шеңберді сыртынан айналып жүріп орындарына отыра қалады. Сырға ойнау қол қимылын жасайды.	Суреттік схема бойынша ұлдардың шеңбер құрып жасауын, қыздардың сырғамен ойнау қол қимылын әуенге сала тыңдата үйрету.	Қазақ» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
III- апта	1	Бидің қол, аяқ элементтерін, жұппен айналу түрлерін, қол қимылдарын, секіру түрлерін дұрыс жасауын қадағалап үйрету.	Ұлдар атшабыс аяқ қимылымен қыздарды айналады. Қыздар орнынан тұрып қолдарын жоғары көтеріп айналады. Ұлдар тербелу аяқ қимылын көрсетеді. Отырып екі аяқты қосып екі жаққа алмакезек созып ашады. Жұппен айналып ұлдар бір тізеге отыра қалады, қыздар артынан қолдарын жоғары көтеріп тұра қалады.	Ұлдардың аяқ қимылдары ат шабыс, тербелту, отырып екі жаққа созып ашып жабуын дұрыстап түсіндіре отырып әуенге сәйкестендіре салып билеуді қайталатып үйрету	Қазақ» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
IV- апта	1	«Көбелектер мен аралар» биі. Жүрісті, айнауды, жұппен билеуді үйрету. Әуенді тыңдата қимылдарды сәйкестендіре қозғалуға	Көбелектер шеңберді айнала аяқ ұшымен жүгіріп жүреді. Қолдарын кезекпен жоғары көтеріп жұптасып айналу. Жұп болып ортада қыдырыстап жүруін	Бидің жүрісін, жұптасып айналуын, аяқтың ұшымен жүгіруін дұрыс жасауын қадағалап үйрету.	«Көбелектер мен аралар» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау



	үйрету.	көрсету. Аралар екі жақтан шығып үлкен шеңбер болып айналады.			
--	---------	---	--	--	--

**Сәуір айы**

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологисы
I- апта	1	Әуенді тыңдай жүруді, схемалық сурет бойынша жүріс-тұрыстарын, қимыл-қозғалыстарын дұрыс жасауға үйрету.	Екі шеңбер болып айналу. Іштегі шеңберде көбелектер, ал сыртқы шеңберде аралар. Аралар орындарына барып жата қалады да, аяқтарын тізеден бүгіп ойнайды. Ал көбелектер отырып тұрады. Аралар ішпен жатып аяқтарымен, бастарымен ойнап көбелектерге қарап таңырқайды. Тұрып бір-бір көбелектен алып орындарына келеді.	Балдардың әуенді тыңдай шығып жүру барысын, шеңбер бойынша жүруін, екі қатарға тұрып орындарында секіруін, қолдарын дұрыс көтеруін, ішпен жатып аяқ, бастарымен ойнауын үйрету.	«Көбелектер мен гүлдер» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
II- апта	1	Қимыл-қозғалыстарды дұрыс жасауға, жүріс-тұрыстарды әуенді тыңдай жүруге, жұп болып билеуге үйрету.	Жұп болып айналады. Отырып тұрып, аралар орында тұрып көбелектерді оң және сол жаққа айналдырады. Қол ұстасып шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүгіріп жартысы тұрып, жартысы отыра қалады.	Жұп болып билеуді, айналдыруды, шеңбер бойымен аяқтың ұшымен әдемі жүгіруді, соңғы суретке дер кезінде келіп отыра қалуын қадағалап үйрету.	Көбелектер мен гүлдер» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
III- апта	1	Көбелектер мен гүлдер биінің ерекшелігін таныту. Би қимылдарын әуенмен қосып үйрету.	Бас қимылын үйрету, қол қимылдарын әдемі майыстыруды, аяқ қимылдарын екі аяқпен секіруді үйрету. Аяқ ұшымен жүруді, бір аяқтан бір аяққа тіземен отырып секіруді, қолдарын тез жанға ашып жабуды үйрету.	Көбелектер мен гүлдер» биінің қозғалыстарын әуенге сәйкестендіріп қимылдауды үйрету.	Көбелектер мен гүлдер» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
		Көбелектер мен гүлдер би қимыл-	Схемалық сурет бойынша бидің жүріс –тұрыстарын, жұппен дұрыс қимыл	Әуенді тыңдай билеуді, қимылдауды	Көбелектер	Түсіндіру Көрсету

IV-апта	1	қозғалыстарын әуенмен сәйкестендіре қимылдауды тыңдатып үйрету.	жасауын, дәл секіруін үйрету. Аяқ,қол қимылын үйрету.	үйрету	мен гүлдер» биі	Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
---------	---	---	---	--------	-----------------	------------------------------------

### Мамыр айы

Апта	Сағат	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Іс-әрекет технологисы
I-апта	1	Сергіту жаттығуларын қайталатып үйрету. Әуенді тыңдай қимыл-қозғалыстарды дұрыс жасатып үйрету.	Бір орында қос аяқпен секіру, жанға қарай аяқты ашып секіру. Оңға қарай айналып, екі қолымен соғу, солға қарай айналып екі қолымен секіру.	Секіру қимылдарының түрлерін, айналып қол соғу түрлерін, аяқ соғу түрлерін дұрыс жасауын қадағалап үйрету.	«Полька» биі	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
II-апта	1	«Полька» биі. Жұптасып билеу түрлерін нақты көрсетіп үйрету. Полька қадамдарын дұрыстап көрсетіп жаттықтыру.	Бір-бірінің қолынан ұстап полька қадамымен шеңберді айнала секіріп шығып, алғы-артқы екі қатарға тұра қалу. Бір-бірімен айналу. Орында тұрып оң аяқтарын алға созып, сол аяқтарын алға созып орында полька қадамымен секіру.	Шығу барысын, полька қадамын, бір-бірімен айналуын, аяқтарын кезекпен алға шығарып созуын, секіруін қадағалап үйрету.	«Полька» биі.	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
III-апта	1	Биді суреттік схема бойынша орындарына келіп жүріп секіруін үйрету. Жұп болып жүріп айналуын, қол соғуын дұрыс жасауын үйрету.	Ортаға екі шеңберге жиналып тұрады. Ішкі шеңберде қыздар оң жаққа айналады. Сыртқы жақта ұлдар сол жаққа айналады. Ұлдар ішкі шеңберге кіріп қыздармен ауысады. Бір-бірінің қолынан ұстап алға бір колоннаға келеді.	Екі шеңберге жиналуын, оң жақ, сол жаққа айналуын, шеңбердің ауысуын, бір колоннаға келуін әуенді тыңдай билеуді үйрету.	«Полька» биі.	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
		Биді әуенмен қайталатып үйрету.	Балдардың бір тізеге отырып қыздар бір қолдарынан ұстап	Әуенді тыңдай схемалық	«Полька»	Түсіндіру

<b>IV- апта</b>	<b>1</b>	Қимылдарды әуенге сәйкестендіре үйрету.	полька қадамымен айналып секіреді. Бір-біріне қарап алақандарын соғып, аяқтарын соғып ойнайды.	суретбойынша қимыл-қозғалыстарды, жүріс-тұрыстарды сәйкестендіре қимылдауды үйрету.	биі.	Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау
---------------------	----------	---	--	---	------	---